

Банктік емес сектордың 2009 жылғы 1 ақпандағы ағымдағы жағдайы

2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 34 ұйым, оның ішінде 12 ипотекалық ұйым тіркелді.

№	Ұйымдардың атауы	1.01.2009	1.02.2009
1	Ипотекалық ұйымдар	12	12
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	22	22
	оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	4	4
	Жиынтығы	34	34


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 212 208 млн. теңгені құрап, ағымдағы жылдың басынан бастап 1,1 %-ға (2 369,8 млн. теңгеге) төмендеді.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 77,6 %-ды (164 576,4 млн. теңгені) құрап отыр, ал басқа банктерде орналастырылған салымдарға 4,9 % (10 430 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 5,8 % (12 243,6 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 2,7 % (5 836,6 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	1.01.2009		1.02.2009		Өсім %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Қолма-қол ақша	1 736,0	0,8	1 249,7	0,6	-28,0
Корреспонденттік шоттар	8 788,1	4,1	5 836,6	2,7	-33,6
Бағалы қағаздар	12 502,2	5,8	12 243,6	5,8	-2,1
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	7 822,0	3,7	10 430,0	4,9	33,3
«Кері РЕПО» операциясы	4 688,0	2,2	4 552,0	2,1	-2,9
Клиенттерге берілген заемдар	165 696,8	77,2	164 576,4	77,6	-0,7
Капиталға салынған инвестиция және реттелген борыштар	4 886,1	2,3	4 897,1	2,3	0,2
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4 119,9	1,9	3 955,4	1,9	-4,0
Басқа активтер	4 338,7	2,0	4 467,2	2,1	3,0
Барлығы активтер	214 577,8	100	212 208,0	100	-1,1

1.01.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



1.02.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. Ағымдағы жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 0,7 %-ға (1 256,4 млн. теңгеге) азайып, 169 128,4 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымының сапасын талдай отырып, стандартты кредиттердің үлесі біршама азайғаны байқалып тұр. Сонымен, ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 86,7 %, ал 2009 жылғы 1 ақпанда 86,6 % болды. Күмәнді кредиттердің үлесі есепті күні 12,6 % болды, бұл 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректер деңгейімен салыстырғанда 10 базистік тармаққа жоғары. 2009 жылғы 1 ақпанда үмітсіз кредиттердің үлесі 0,8 %-ды құрағанын байқауға болады. Дәлірек айтсақ, үмітсіз заемдардың сомасы ағымдағы жылдың қаңтар айында 21,6 млн. теңгеге азайды.

Несие портфелі сапасының динамикасы	1.01.2009		1.02.2009	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы
Несие портфелі барлығы	170 384,8	100	169 128,4	100
Стандартты	147 759,7	86,7	146 443,8	86,6
Күмәнді	21 200,6	12,5	21 281,7	12,6
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	9 452,2	5,6	6 429,2	3,8
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	5 399,4	3,2	7 932,9	4,7
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	416,1	0,2	451,4	0,3
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3 230,9	1,9	3 594,6	2,1
<i>5 санатты күмәнді</i>	2 702,0	1,6	2 873,6	1,7
Үмітсіз	1 424,5	0,8	1 402,9	0,8

Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңгеммен




Ағымдағы жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 98,8 %-ды құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 34,6 %, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 44,9 %, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 19,3 %.

Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 1 874,2 млн. теңгеге немесе 1,2 %-ға және 2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 160 503,2 млн. теңгеге азайды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың


міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (50,4 %-ға) және басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (31,7 %-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.09		1.02.09		Өсім %-бен
	млн. теңге	жиынтығы %-бен	млн. теңге	жиынтығы %-бен	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	52 688,1	32,4	50 814,1	31,7	-3,6
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0	0	0	0	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	80 943,0	49,9	80 983,7	50,4	0,1
Басқа кредиторлар	1 342,2	0,8	1 061,5	0,7	-20,9
Басқа міндеттемелер	27 404,1	16,9	27 643,9	17,2	0,9
Міндеттемелердің барлығы	162 377,4	100	160 503,2	100	-1,2

1.01.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



1.02.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



Кірістілік. Есепті күнге ипотекалық ұйымдар кіріс салығын төлегеннен кейін 300 млн. теңге мөлшерінде шығын шықты. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 3 096,2 млн. теңге (2008 жылғы 1 ақпанда – 2 845,1 млн. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 3 396,2 млн. теңге (2008 жылғы 1 ақпанда – 2 351,7 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	1.02.2008	1.02.2009	Өсім %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	2 266,9	1 884,1	-16,9
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	1 132,2	1 375,7	21,5
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	578,2	1 212,1	2,1 есе
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	1 219,5	2 020,5	65,7

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақыны алуға байланысты кірістер (53,1 % немесе 1 643,5 млн. теңге) біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – қамтамасыз етуге қаржы бөлуге байланысты шығыстар (41,7 % немесе 1 415 млн. теңге) ең көп орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 51 704,8 млн. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіштерден 0,9 %-ға (495,7 млн. теңгеге) аз.